

АРТА эксперттері Дулати университетінде

2025 жылғы 8 желтоқсанда жасалған №111-СА шарт негізінде 2026 жылғы 2 наурыздан бастап Дулати университетінде 2 кезеңмен мамандандырылған аккредиттеу өтті. Аккредиттеуге 9 кластерлерге біріктірілген **31 білім беру бағдарламасы** қатыстырылды. Бұл үдерісті **Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (НААР)** ұйымдастырды.

🔍 Аккредиттеуге жалпы саны **27 сыртқы сарапшы** қатысты: оның 12-сі офлайн, 15-і онлайн форматта.

📍 Алғашқы күні сарапшылар университеттің жоғары басшылығымен, құрылым басшыларымен, факультет декандарымен, кафедра меңгерушілерімен, оқытушылармен, студенттермен, түлектермен және жұмыс берушілермен **интервью-кездесулер** өткізді. Бұл сұхбаттарға жалпы саны **313 адам** қатысты. Сондай-ақ, агенттік тарапынан студенттер мен оқытушыларға **сауалнама** жүргізіліп, оған **209 адам** қатысты.

🏠 **Бірінші және екінші кезең** барысында сарапшылар кластерлер бойынша оқу-материалдық және өндірістік-практикалық базаларымен танысты, оқу үдерісін бақылады, ішкі нормативтік құжаттармен танысты. Сарапшылар **бағдарламалардың өзін-өзі бағалау есептерін** зерделеп, маңызды ұсыныстар мен ескертулер берді.

✅ Қорытынды кездесуде сарапшылар университетіміздегі **дамудың жағымды өзгерістерін** атап өтіп, келесі бағыттар бойынша маңызды ұсыныстар жасады:

- білім беру бағдарламаларын жетілдіру;
- ғылыми-зерттеулер мен жобаларға қатысу көрсеткіштерін арттыру;
- академиялық ұтқырлық пен қос дипломды білім беруді дамыту;
- түлектерді жұмысқа орналастыру тиімділігін арттыру;
- жас кадрлар резервін қалыптастыру;
- құрылымдық бөлімше басшыларына арналған оқу семинарларын ұйымдастыру;
- университет сайтына ақпаратты дер кезінде жаңартып, қолжетімділікті қамтамасыз ету.

✅ АРТА сарапшыларының кәсіби көзқарасы мен құнды ұсыныстары **Дулати университетінің одан әрі тұрақты дамуына** мол әсер беретін болады.



















